



І. ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТИСУ УНИВЕРСИТЕТІ - ӨНІР ДАМУЫНЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ТІРТЕГІ

Ермек БӨРІБАЕВ,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу
университетінің
Басқарма төрағасы – Ректор

оқу жоспарлары

құзыреттілікке негізделген тәсілдермен толықтырылып, барлық білім беру бағдарламаларына бірқатар жаңа пәндер енгізілді. Атап айтқанда, «Қаржылық сауаттылық негіздері», «Жасанды интеллект негіздері», «Инклюзивті білім беру ортасы», «Зерттеулер, даму және инновациялар», «Педагогикалық зерттеулер» пәндері білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға, зерттеу дағдыларын қалыптастыруға және еңбек нарығында тұрақты бәсекеге қабілетті болуына бағытталған.

Сонымен қатар, «Дүниежүзілік банк» жобасы аясында педагогикалық бағыттағы 18 білім беру бағдарламасы жаңартылды. «Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіби стандарттар», сондай-ақ «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогі (профессор-оқытушылар құрамы)» кәсіби стандарттарына сәйкес Жоғары білім берудің бірыңғай платформасындағы тізілімде педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламалары 100% жаңартылды.

ЦИФРАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: ОҚУ ҮДЕРІСІН

жаңа буынын даярлауға бағытталған маңызды қадам болып отыр

Жасанды интеллект саласында құқықтық реттеудің күшеюі университеттер үшін академиялық адалдық, деректер қауіпсіздігі және оқу үдерісінде технологияны жауапкершілікпен қолдану мәселелерін жаңа деңгейге көтереді. Сондықтан жасанды интеллекті қосымша құрал ретінде ғана емес, басқару мен сапаны қамтамасыз етудің тұтас технологиялық экосистемі ретінде қарастырылған жөн.

Студенттердің цифрлық сауаттылығын дамыту мақсатында барлық білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларына жұмыс берушілермен келісім бойынша жасанды интеллекті тиімді қолдану негіздерін оқытуға бағытталған пәндер енгізілді.

Қазіргі уақытта оқу үдерісіне 5 жасанды интеллект агенті әзірленіп, енгізілді.

«Aurora» – жасанды интеллекті негізделген дауыс көмекшісі және ым-ишараны тану жүйесі; табиғи сөйлеуді түсіндіреді және ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін сурдотілге аударма жасайды.

«ZU Connect» – Telegram негізіндегі чат-бот; университетке түсу мәселелері бойынша



ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒЫРТУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында Қазақстанның қысқа мерзім ішінде цифрлық мемлекетке айналуы қажеттігін атап өткен болатын. Университет деңгейінде

бұл міндет білім беру қызметін басқару, оқу мазмұнын әзірлеу және студенттерді қолдаудың тиімділігін цифрлық шешімдер арқылы арттыруды талап етеді.

Осы стратегиялық бағдар аясында І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті Ұлттық

«AI-Sana» жобасына қатысып, нәтижесінде зәкірлік жоғары оқу орны ретінде танылып, ең бөлсенді он қатысушының қатарына енді. 2025-2026 оқу жылынан бастап 6B06105 – «Жасанды интеллект инжинирингі» білім беру бағдарламасының енгізілуі өңір үшін жоғары сұранымға ие инженер кадрлардың

кеңес береді және тәулік бойы анықтамалық ақпарат ұсынады.

«Smart Zhetysu» – университеттің оқу, әлеуметтік және ғылыми қызметіне қатысты сұрақтарға

үш тілде жауап беретін цифрлық көмекші; эдвайзер мен куратор қызметтерін қолдайды.

«Multimedia» платформасы – бейне-контент әзірлеуді автомат- тандыратын жүйе; сурет генерациясынан бастап, дайын бейне-ролиқ қалыптастыруға дейінгі кезеңдерді қамтиды.

«AI Game Studio» – компьютерлік ойын әзірлеудің негізгі кезеңдерін автоматтандыратын платформа; концепт, кейіпкер мен локация генерациясынан бастап, ойын кодын жасау және тестілеуге дейінгі үдерісті қамтиды.

Сонымен қатар, университет базасындағы Huawei Академиясын- да ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бойынша





студенттердің ғылыми қоғамдары мен Жас ғалымдар кеңесі белсенді жұмыс істейді. Факультеттерде «Медиатор», «Бизнес және коммуникация», «Future Coders», «Квант», «Моло-дой программист», «Образование и искусственный интеллект», «Huawei ICT Academies», «Биологиялық мониторинг», «Географ-зерттеуші», «Эко-Клуб», «Жас агроном», «Сапа үйірмесі», «Жас құтқарушы», «Хи-мик» секілді 20-ға жуық ғылыми үйірме мен клуб қызмет етеді.

Ғылыми кадрларды даярлаудың маңызды тетігі ретінде университетте 8D015 – Жаратылыстану пәндері, 8D017 – Тілдер және әдебиет, 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау бағыттары бойынша Диссертациялық кеңестер құрылған.

Бұл құрылымдар жас зерттеушілердің кәсіби өсуіне, университеттің ғылыми мәртебесін нығайтуға және ғылыми

тәжірибелік сабақтар мен тренингтер жүйелі түрде ұйымдастырылады. Академия аясында профессор-оқытушылар құрамы да кәсіби және цифрлық біліктілігін арттыру курстарынан өтеді.

ҒЫЛЫМ – ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ӨЗЕГІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылғы 10 сәуірде өткен ғалымдармен кездесу барысында:

«Ғылым мен білім бірге жүруге тиіс – университеттер тек маман даярлаумен ғана емес, ғылыми зерттеумен де айналысуы керек» деп атап өтті. Қазіргі жағдайда университеттің сапасы ғылыми зерттеудің деңгейімен, зерттеу инфрақұрылымының қуатымен және ғылыми нәтижені практикаға жеткізу тетіктерінің тиімділігімен өлшенеді.

Осы бағытта І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің оқытушы-ғалымдары 46 ғылыми жоба мен бағдарламаны жүзеге асырып келеді.

Зерттеулер әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар және өнер (22), өмір және денсаулық туралы ғылым (3), экология, қоршаған орта және табиғатты ұтымды пайдалану (4), жаратылыстану ғылымдары (2), агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты дамуы (2), энергия, озық материалдар және көлік (1) бағыттарын қамтиды.



Ғылыми қызметті институционалдық тұрғыдан күшейту мақсатында университетте «Аксиологиялық зерттеулер және медиатехнологиялар», «Арнайы білім беру мәселелерін зерттеу»,

«Құқық, экожүйелер және тұрақты дамуды зерттеу», «Пәнаралық әлеуметтік зерттеулер», «Мектепке дейінгі ұйымда инклюзивті білім беруді педагогикалық сүйемелдеу» ресурстық орталықтары және

«Өсімдіктерді микроклонды көбейту» зертханасы ашылды. Бұдан бөлек, Биотехнология және экология ғылыми-зерттеу институты жұмыс істейді. Оның құрамында «экология», «молекулалық генетика және геномика», «биотехнология, өсімдіктерді микроклонды көбейту» зертханалары және өсімдіктерді өсіруге арналған жылыжай бар.

Жас зерттеушілерді қолдау – зерттеу университетін қалыптастырудың шешуші шарты. Университетте жыл сайын «Jas galym» ғылыми жобалар байқауы өткізіледі: 2025 жылы жалпы сомасы 16 млн теңгені құрайтын 8 жоба орындалды, ал келесі жылға 19 млн теңгеге 15 жобаны қаржыландыру жоспарланып отыр.

Студенттік ғылымды дамыту мақсатында



мектептердің сабақтастығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ИНТЕГРАЦИЯ

Қазіргі әлемде жоғары білім мен ғылым ұлттық шеңбермен шектелмейді: академиялық ұтқырлық, бірлескен зерттеулер және профессорлық алмасу университеттердің сапасын арттырудың негізгі арналарына айналды. Осыған сәйкес І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті 80-нен астам жоғары оқу орнымен серіктестік орнатқан.

Жыл сайын республикалық бюджет есебінен алыс және жақын шет елдерден 10-нан астам ғалым-профессор келіп, білім алушыларға дәріс оқиды, профессор-оқытушылар құрамымен тәжірибе алмасуды және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асырады. Олардың қатарында Цюрих университеті, Марке политехникалық университеті, Камерино университеті, Чукурова университеті, Жилина университеті, Шаньдун университеті және басқа да серіктестер бар. Сонымен бірге университет есебінен Ұлыбритания, Италия, Польша, Түркия, Ресей және Өзбекстан елдерінен 13 шетелдік ғалым-сарапшы оқытушылық қызметке тартылды.

Халықаралық академиялық ортаға кірігу студенттердің де білім көкжиегін кеңейтеді. Қазіргі таңда 70-тен астам шетелдік студент І.

Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде білім алса, университеттің 30-ға жуық студенті Түркия, Италия, Польша, Малайзия, Оңтүстік Корея университеттерінде академиялық ұтқырлық бағдарламалары аясында білім алып жатыр.

МАРКЕ ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ФИЛИАЛЫ: ҚОС ДИПЛОМДЫ ДАЙЫНДЫҚ ЖӘНЕ ӨҢІРЛІК ЭСЕР

Мемлекет басшысы 2022 жылы Қазақстанда үздік шетелдік университеттердің филиалдарын ашу туралы тапсырма берген болатын. Осы бастаманы іске асыру аясында Ғылым және жоғары білім

министрлігі еліміз бойынша шетелдік жоғары оқу орындарының 33 филиалын ашты. Солардың қатарында

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің жанынан ашылған Италияның Марке политехникалық университетінің (UNIVPM) филиалы бар. Бұл құрылым өңірдің білім беру жүйесіне жаңа академиялық стандарттар мен халықаралық тәжірибені енгізуге мүмкіндік береді.



Филиал қызметі «Агрономия» (ЖУ) және «Ауыл шаруашылығы ғылымдары мен технологиялары»

(UNIVPM) бағыттары бойынша қос дипломды бакалавриат бағдарламасын іске асыру арқылы жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта филиалда

27 студент білім алуда. Бірінші оқу жылында студенттер І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде жалпы білім беру пәндерін және ағылшын, итальян тілдерін меңгереді; екінші курстан бастап Марке университетінің профессор-оқытушылары дәріс оқиды. Соңғы оқу жылы мен өндірістік тәжірибе кезеңінде студенттер Италияда оқып, бағдарламаны аяқтағаннан кейін екі диплом алады.

Филиалдың институционалдық орнығуын күшейту мақсатында І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің делегациясы UNIVPM-нің жаңадан сайланған ректоры Энрико Куальяринимен кездесіп, 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын бекітті. Келіссөз нәтижесінде Foundation бағдарламасы, экономика, ақпараттық технологиялар және экологиялық қауіпсіздік бағыттарында қосымша білім беру бағдарламаларын іске қосу жоспарланды.

Сонымен қатар, екі университет оқытушы-профессорлар құрамының алмасуын, бірлескен ғылыми жобаларды және UNIVPM инфрақұрылымын пайдалану

жөнінде келісім жасады. Мұндай қадамдар бірлескен зерттеулердің, халықаралық конференциялардың және академиялық ұтқырлықтың ауқымын кеңейтіп, өңірдің аграрлық-инновациялық әлеуетіне нақты инвестиция ретінде қызмет етеді.

СТУДЕНТТІҢ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Студент – университеттің басты құндылығы. Сондықтан сапалы біліммен қатар студенттің тұлғалық, шығармашылық және әлеуметтік дамуына жағдай жасау – І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің тұрақты басымдығы. Университетте спорт секциялары, шығармашылық және ғылыми үйірмелер, дебат клубтары, еріктілер қозғалысы және өзге де қауымдастықтар жүйелі жұмыс істейді. Бұл орта студенттердің көшбасшылық, коммуникация және әлеуметтік жауапкершілік дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Әлеуметтік қорғау тетіктері де нақты нәтижеге бағдарланған: күндізгі бөлімдегі академиялық топтардың барлық студенттеріне ай сайын қоғамдық көлікпен тегін жүру билеттері беріледі; ата-анасы жоқ және әлеуметтік жағынан осал санаттағы (аз қамтылған, көпбалалы отбасылар) студенттерге университет асханасында тегін тамақ және жатақханада тегін тұру мүмкіндігі қарастырылған. Ғылыми және білім жолындағы жоғары жетістіктері бар студенттерге оқу ақысына жеңілдіктер беріледі.

Жетістікті ынталандырудың жарқын мысалы ретінде студент Әлихан Әскербайдың Манама қаласында өткен жасөспірімдер арасындағы ауыр атлетикадан Азия чемпионында екі мәрте өлем рекордын жаңартуын атауға болады. Университет рекордшы студентке тегін білім алуға білім беру грантын тағайындады.

АДАМ КАПИТАЛЫН ДАМУ

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қызмет ететін адам капиталын қалыптастырып қана қоймай, ғылыми зерттеуді жүйелі дамыту, цифрлық трансформацияны іске асыру, халықаралық академиялық интеграцияны кеңейту және студентке бағытталған әлеуметтік саясатты жүргізу арқылы өңірлік инновациялық экожүйенің зияткерлік тірегіне айналып отыр.

Дәстүр мен жаңашылдықтың сабақтастығын сақтай отырып, университеттің алдағы кезеңдегі басым мақсаты – жауапты цифрландыру мен жасанды интеллекті енгізу, зерттеу нәтижесін тәжірибемен ұштастыру тетіктерін күшейту және халықаралық стандарттарға сәйкес сапалы білім беру арқылы Жетісу өңірінің ұзақ мерзімді тұрақты дамуына үлес қосу.

Алға қойылған міндеттерді іске асыру үшін университет білім беру сапасын қамтамасыз ету тетіктерін күшейтуге, деректерді басқару мен киберқауіпсіздік мәдениетін орнықтыруға, академиялық адалдық қағидаттарын цифрлық ортада нақты рәсімдер арқылы бекітуге және зерттеу нәтижелерін қолданбалы шешімдерге айналдыру арналарының тиімділігін арттыруға басымдық береді.

Өңірлік дамудың ұзақ мерзімді траекториясында І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің миссиясы – дәстүрлі академиялық құндылықтарды сақтай отырып, жасанды интеллекті мен цифрлық технологияларды жауапты қолдану мәдениетін қалыптастыру және «университет – мемлекет – бизнес – қоғам» әріптестігін ғылыми негізде кеңейту арқылы Жетісу өңірінің тұрақты дамуына үлес қосу.



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – МҰҒАЛІМ ҚЫЗМЕТІН ҚОЛДАУШЫ ҚҰРАЛ

Қазіргі заманда білім беру жүйесі қарқынды өзгерістерге ұшырауда. Мұғалімдер тек білім берумен қатар ұйымдастырушы, бақылаушы, бағалаушы және есеп беруші рөлдерін атқаруда. Мұның бәрі мұғалімнің жұмысын күрделендіріп, уақытын алады. Осындай рутиналық тапсырмаларды тиімді шешуде жасанды интеллект (ЖИ) жүйелерінің маңызы артып келеді.

Жасанды интеллект дегеніміз – адам ақыл-ойын қажет ететін тапсырмаларды орындай алатын, деректерді талдап, жаңа ақпаратқа жылдам бейімделе ала-

лар бойынша бағалау, қателерді анықтау сияқты міндеттерді ЖИ тиімді орындайды. Бұл педагогке оқу нәтижесін жылдам талдауға мүмкіндік береді. Алайда ұстаз әрқашан жасанды интеллектіні басқаруы тиіс.


Үшіншіден, ЖИ құжаттармен жұмыс істеуді жеңілдетеді. Күнделікті, апталық есептер, кері байланыс жинау секілді міндеттерді автоматты түрде орындайтын жүйелер педагогтің жүктемесін азайтады.

Жасанды интеллектінің бұдан өзге де артықшылықтары жетерлік. Кез-келген педагог жасанды интеллектіні өз бетінше

бұйрығымен аталған шығармашылық топ құрылып жұмысын бастады. Топ жетекшілігіне арнайы пәндер оқытушысы А.Н. Омарова бекітілді, ал топ мүшелігіне шетел тілі пәнінің оқытушысы М.С. Қорабаева, арнайы пәндер оқытушысы А.Т.Исмаилова, математика пәнінің оқытушысы А.С.Оспанова, биология пәнінің оқытушысы А.Ж.Жәркенова, бастауыш білім беру пәнінің оқытушысы С.Ж.Арчабаева, информатика пәнінің оқытушысы С.М.Искакова, бастауыш білім беру пәнінің оқытушысы А. Бағдатқызы енді.

құралдарын қолданудың техникалық мүмкіндіктерін, ал С.Ж.Арчабаева, А.Т.Исмаилова, А.Н.Омаровалар «Бастауыш білім беру» және «Мектепке дейінгі тәрбие» құзыреттіліктері бойынша қатысушы білімгерлерге тиімді платформаларды анықтап, ҚР жалпыға міндетті стандартының талаптарына сай оқу және тәрбие жоспарларын құруды жүзеге асыру жұмыстарын ұйымдастырып шығармашылық көмек көрсетті.

Сонымен қатар «Digital Ustaz» шығармашылық тобы қараша айында өткен жалпы білім беру пәндік циклдік



тын техникалық жүйе. Бұл жүйе мұғалімнің күнделікті жұмысын жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Біріншіден, ЖИ сабақ жоспарларын автоматты түрде құруға көмектесе алады. Мұғалім тақырыпты және қысқаша мәліметтерді енгізу арқылы, өзіне қажетті сабақ жоспарының үлгісін, оны өткізу бойынша түрлі ұсыныстар ала алады, яғни жасанды интеллект жүйесі дайын жоспарды ұсынады. Сонымен қатар, ЖИ деңгейлік оқу тапсырмаларын құрастыруды да жүзеге асыра алады. Бұл инклюзивті білім беру процесінде өте пайдалы. Бірақ бастысы баланың ақыл-ой деңгейін, денсаулық жағдайын, диагнозын (егер денсаулығы бойынша ақауы болса) дұрыс енгізгені жөн.

Екіншіден, бағалау және тексеру жұмыстарын автоматтандыру – уақыт үнемдеудің тағы бір жолы. Мысалы, тест тапсырмаларын тексеру, эссе немесе жазбаша жұмыстарды алдын ала критерий-

қолданып, өз жұмысын жеңілдету алуын ұйымдастыру үшін І.Жансүгіров атындағы Жетісу Университетінің «Zhansugurov college» ағымдағы оқу жылында «Digital Ustaz» шығармашылық тобы құрылды.

«Digital Ustaz» шығармашылық тобы заманауи цифрлық технологияларды меңгерген, шығармашылықпен жұмыс істейтін, білім берудің инновациялық әдістерін тиімді қолдана алатын педагогтер қауымдастығын қалыптастыру ісіне әдістемелік көмек көрсету мақсатын жүзеге асыруда.

Шығармашылық топтың міндеттері цифрлық құзыреттілікті арттыру жұмыстарына көмектесу, шығармашылық бастамаларға бағыт беру, озық тәжірибені тарату кәсіби орта қалыптастыруға бағытталған іс-шараларға көмек көрсету.

Оқу жылының басында колледж әдіскері Э.А.Аубакенованың ұсынысымен колледж директор Б.Н.Ескендіровтің арнайы

Аталған мақсат-міндеттерді жүзеге асыру мақсатында жұмыс жоспары құрылып бекітілді. №1 әдістемелік отырыста топ жетекшісі А.Н.Омарова «Жасанды интеллект және оны білім беруде қолдану» тақырыбында презентациялық баяндама жасап, колледж оқытушыларын жұмыс жоспарымен қоса, жасанды интеллектіні қолданудың тиімділігі және артықшылықтарымен таныстырды.

Топ мүшелері М.С.Қорабаева мен А.Ж.Жәркеновалар колледж оқытушысы К.М.Макееваның «Үздік педагог» байқауына қатысу барысында жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді қолдану бойынша әдістемелік көмек көрсетті.

«World Skills-25» Республикалық чемпионатына аталған топтың мүшелері С.Ж.Арчабаева, А.Т.Исмаилова, С.М.Искакова, А.Н.Омаровалар білімгерлерді дайындау жұмыстарын жүргізді. Бұл орайда С.М.Искакова АКТ

комиссиясының айлығы барысында ашық сабақ көрсетуші мұғалімдерге білім беру мазмұнын жасанды интеллект көмегімен ұтымды құру бойынша өз көмектерін ұсынды. Нәтижесінде оқытушылар жасанды интеллект құралдарына дұрыс промт құру арқылы сабақ жоспарын құру, білімгерлерді сабақ үстінде қысқа мерзімде бағалау, үй тапсырмасын пысықтау, жаңа тақырыпты түсіндіру, талдау және жинақтау жолдарының қарапайым әрі тиімді жолдарын меңгерді.

Қаңтар айында өткен колледжішілік «Педагогикалық оқулар» толықтай жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін талдауға арналып, қатысушы педагогтер өз пәндерінде қолданудың артықшылықтарымен таныстырды, практикалық тапсырмаларды бірге орындады.

А. ОМАРОВА
«Zhansugurov college» «Digital Ustaz»
шығармашылық тобының жетекшісі

Цифрлық трансформация жағдайында жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары экономиканың, ғылым мен білімнің дамуына шешуші ықпал ететін стратегиялық бағыттардың біріне айналуда. Деректерге негізделген басқару, интеллектуалды жүйелер және автоматтандырылған шешімдер қазіргі заманғы даму моделінің ажырамас бөлігі болып отыр. Осы үдерістерде жоғары оқу орындары тек білім беруші институт қана емес, инновациялық идеялар мен практикалық шешімдерді қалыптастыратын орталық

интеллектуалды жүйелер, үлкен деректерді өңдеу, модельдеу және болжау бағыттарында ғылыми жобалармен айналысады. Бұл зерттеулердің нәтижелері білім беру үдерісінде пайдаланылып қана қоймай, практикалық жобаларға негіз болуда.

ҚазҰУ-дың инновациялық инфрақұрылымының маңызды элементтерінің бірі - Farabi Hub. Бұл алаңда студенттер мен жас зерттеушілер жасанды интеллект элементтерін қолданатын цифрлық және аналитикалық жобаларды әзірлеуге мүмкіндік

алады. Farabi Hub аясында ғылыми идеялар прототиптерге айналып, акселерация кезеңдерінен өтіп, нарыққа бағытталған шешімдер ретінде дамытылады. Мұндай орта студенттердің технологиялық және кәсіпкерлік ойлауын қалыптастыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар университетте стартап-инкубация және акселерациялық бағдарламалар жүйелі түрде жүзеге асырылады. Студенттер жасанды интеллектке негізделген жобаларымен бизнес-идеялар байқауларына қатысып, менторлық қолдау алады. Университет

ұсынатын зертханалар, жұмыс кеңістіктері және инновациялық алаңдар студенттердің ғылыми бастамаларын тәжірибеде сынауға мүмкіндік береді.

ҚазҰУ-да «цифрлық университет» қағидаттары кезең-кезеңімен енгізілуде. Басқару және білім беру үдерістерінде деректерді талдау, цифрлық платформалар мен интеллектуалды шешімдерді қолдану университеттің заманауи даму моделін қалыптастырады. Бұл студенттер мен оқытушылар арасында жасанды интеллектті

Жасанды интеллектті дамытудағы заманауи ғылыми-білім беру орталығы

ретінде алдыңғы қатарға шығады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті еліміздегі жетекші жоғары оқу орындарының бірі ретінде жасанды интеллект технологияларын дамытуға және оларды білім беру мен ғылыми зерттеулерге жүйелі түрде енгізуге ерекше мән береді. Университеттің стратегиялық даму бағыты цифрлық технологиялар мен интеллектуалды шешімдерді даярланатын мамандардың негізгі құзыреттерінің қатарына енгізуді көздейді.

ҚазҰУ-дың білім беру бағдарламаларында жасанды интеллект, деректерді талдау, машиналық оқыту және цифрлық экономика бағытындағы пәндер енгізілген. Бұл пәндер пәнаралық тәсіл негізінде оқытылып, студенттерге теориялық біліммен қатар практикалық дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді. Оқу үдерісінде жобалық жұмыстар мен қолданбалы тапсырмалардың қолданылуы студенттердің нақты мәселелерді шешуге бағытталған ойлау қабілетін қалыптастырады.

Университеттің ғылыми әлеуеті жасанды интеллект саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулерді дамытуға бағытталған. ҚазҰУ ғалымдары мен жас зерттеушілері



қолдану мәдениетін дамытуға ықпал етеді.

Университет ғылым, білім және бизнес арасындағы өзара байланысты нығайтуға ерекше мән береді. Форумдар, бірлескен жобалар және қолданбалы зерттеулер арқылы ҚазҰУ ғылыми нәтижелерді практикаға енгізуге және инновациялардың нақты секторда қолданылуына жағдай жасайды. Мұндай тәсіл жасанды интеллект технологияларының қоғам мен экономика үшін нақты құндылыққа айналуына мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жасанды интеллектті дамытуда жоғары ғылыми-білім беру әлеуетіне ие заманауи университет моделін қалыптастырып келеді. Білім беру, ғылыми зерттеулер және инновациялық инфрақұрылымды біріктіре отырып, ҚазҰУ еліміздің цифрлық болашағын айқындайтын кадрлар мен технологиялық шешімдердің негізін қалайды.

Галия ДАУЛИЕВА
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ, Экономика кафедрасының
меңгерушісі, профессор

Гүлжайна ДОШМАХАН
«Экономика» мамандығының
магистранты

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Zhansugurov college» заманауи білім берудің жаңа бөлесі. Бұл колледж тек теориялық біліммен шектелмей, білімгерлердің кәсіби шеберлігін дамытуға, олардың шығармашылық әлеуетін ашуға және жеке тұлға ретінде жетілуіне ерекше көңіл бөледі. Сапалы білім-табысты болашақтың кепілі.

«Zhansugurov college» бағдарламалары Қазақстанның білім беру стандарттарына сай құрылып, білімгерлерді нарықтағы бәсекеге қабілетті маман ретінде дайындайды. Мұнда сабақтар тәжірибелі оқытушылар, білікті мамандардың қатысуымен өтеді. Практикалық дағдылар мен теориялық білім үйлесімі білімгерлердің кәсіби дайындық деңгейін арттырады. Колледж студенттерге тек білім беріп қана қоймай, олардың әлеуметтік дамуына да ерекше көңіл бөледі. Спорттық секциялар, шығармашылық үйірмелер, мәдени іс-шаралар мен

«ZHANSUGUROV COLLEGE» білім мен болашақтың бастауы

волонтерлік жобалар студенттердің көпқырлы тұлға болып қалыптасуына көмектеседі. Бұған дәлел ретінде түрлі байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болған студенттерімізді мақтан етеміз! «World skills» техникалық және қызмет көрсету саласындағы жұмысшы мамандықтарының беделін арттыруға, кәсіби біліктілікті халықаралық стандарттарға сай дамытуға бағытталған ауқымды халықаралық қозғалыс, колледж студенттері мен жас ма-

мандар арасында кәсіби шеберлік чемпионаттарына жыл сайын қатысып, жүлделі орын алуда. Сонымен қатар жастарға бизнес-идеяларды дамытуға, көшбасшылық қасиеттерді шыңдауға және әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін «Enactus Kazakhstan» кәсіпкерлік жобасына да қатысып, алдыңғы орындардан көрінуде. Мұнымен шектеле қоймай, білімгерлер қалалық, облыстық олимпиадаларға, түрлі

байқаулар мен конференцияларға да қатысып, колледждің имеджін көтеріп жүр.

«Zhansugurov college» түлектері жоғары оқу орындарында, кәсіби салаларда және халықаралық жобаларда табысты мансапқа ие болады. Колледждің миссиясы – әрбір білімгердің талантын ашу, өзін-өзі дамытуды қолдау және білім арқылы өмірде табысқа жетуін қамтамасыз ету.

«Zhansugurov college» - білім мен шығармашылықтың тоғысқан орны, кәсіби шеберліктің, заманауи технологияның және жеке тұлғаның дамуының айнасы. Мұнда әрбір студент тек кәсіби біліктілік қана емес, сонымен қатар болашаққа сенімді қадам жасау мүмкіндігін алады.

А. ЕРФАЛИЕВА,
«Zhansugurov college»
шетел тілі пәнінің оқытушысы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: I.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ

Бас редактор: Б. Шаянбаева
Редактор: А.Иебекова
Дизайнер: Б.Таубалды

● Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникация министрлігі, Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде 2018 жылғы 27 қарашада тіркеліп, № 17378-Г куәлігі берілген.

● «Жетісу университеті» газеті Байланыс және Имидждік саясат орталығында теріліп, беттеледі.

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

● Газет айына бір рет шығады.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жансүгіров көшесі, 187 а.
Байланыс телефоны: 11-72
Индекс 64568